

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 1

2025 жылғы 14 наурыз
сағат 11.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**1. 2024 жылы Агенттік Қоғамдық кеңесі әзірленген ұсынымдарды
Агенттіктің орындауы туралы есепті қарау**

1.1. Отын-энергетика кешені департаментінің директоры М.Н. Әбсаттарованың, Әлеуметтік сала департаменті директорының орынбасары Т.С. Отаршиновтың, Бәсекелестікті стратегиялық дамыту департаменті директорының орынбасары С.Т. Ахметтің, Индустрия, мемлекеттік қолдау және сатып алу департаментінің директоры А.Д. Тюлюбековтің, Байланыс басқармасының басшысы Р.Ф. Габдулжапаровтың, Агроөнеркәсіптік кешен департаменті директорының орынбасары Г. Жаксылықтың, Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті директорының орынбасары А.М. Жакуповтың, Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті директорының орынбасары Р.Е. Пасечконың, Тергеп-тексерулер департаменті директорының орынбасары Д.К. Баямановтың, Қаржы нарықтары департаментінің директоры А.Ш. Суюндиковтың, Баспасөз хатшысы Н.Б. Садырбаевтың 2024 жылы Агенттік Қоғамдық кеңесі әзірленген ұсынымдарды іске асыру туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Қоғамдық кеңес мүшелері А.Ж. Бикебаевтың, А.А. Кусаиновтың, А.К. Жалкеевтің, Т.А. Одиловтың, А.Б. Искаковтың, Р.Н. Ахметовтің, В. Н. Микрюковтың, О.А. Жандосовтың, М.И. Дурманованың, Н.В. Радостовецтің пікірлерін ескере отырып, мына ұсынымдарды ағымдағы жылы Қоғамдық кеңес отырысының қарауына қайта енгізу туралы шешім қабылданды:

- Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңес қабылдаған ҚР-дағы квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі талдамалық есептің ережелерін талқылау және ұсынымдар әзірлеу **(9-тармақ)**;

- Агенттік уәкілетті мемлекеттік органдарға ұлттық операторлардың құқықтық мәртебесіне қатысты мәселеге бастамашылық жасасын **(11-тармақ)**;

- Агенттік Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп «ҰАТ» АҚ орындауындағы ағымдағы техникалық тапсырманы «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасының монополияға қарсы комитетімен талқыласын, сондай-ақ осы техникалық тапсырмаға қосымша ұсыныстарды ескеруді ұсынсын **(12-тармақ)**;

- Монополияға қарсы органды барлық заң жобаларын, заңға тәуелді актілерді және Парламент депутаттарының бәсекелестік мәселелерін қозғайтын немесе әлеуетті әсер етуі мүмкін түзетулер енгізу бойынша Үкімет қорытындыларын міндетті түрде келісу жөніндегі органдардың тізбесіне енгізу қажеттілігі туралы ұсыным бірауыздан қолдау тапсын **(13-тармақ)**;

- А.А. Құсайыновтың, А.Ж. Бикебаевтың ұсыныстарын ескере отырып, монополияға қарсы органның алдын ала келісімінсіз не хабарламасынсыз нарық субъектілері жасаған мәміленің мәніссіздігін айқындау бөлігінде экономикалық шоғырлану жөніндегі норманы пысықтасын **(18-тармақ)**;

- Шетелдік юрисдикцияларда мәмілелерді жарамсыз деп тану бөлігінде Қазақстан Республикасы соттарының шешімдерін тану және орындау мәселелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын өзгерту қажеттілігін зерделесін *(атап айтқанда ҚР АПК-нің 4-бөлімі)* **(19-тармақ)**;

- Экономикалық шоғырлануға арналған хабарламаларды қарауды 45 күнге дейін қысқартсын **(20-тармақ)**;

- Егер БҚДА бизнеске жүктемені төмендететін ымыралы шешім *(хабарлама тәртібі немесе т.б.)* ұсынса ғана Заң жобасының 77-тармағымен *(экономикалық шоғырлану деп тану үшін шекті мәнді 50%-дан 25%-ға дейін төмендету бөлігінде)* келіссін **(22-тармақ)**;

- Агенттіктің жазаны бұлтартпаушылық қағидатын *(құқық бұзушылық түрлері, бизнес санаттары және нарықта шоғырлану дәрежесі бойынша сегменттеу)* іске асыруын, сондай-ақ монополияға қарсы органның мәртебесін күшейту қажеттілігін ескере отырып монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтар анықталған кезде жіберілетін хабарламалар институтын *(ҚР КК-нің 199-бабы)* қайта қарасын **(23-тармақ)**;

- Үстемдік етуші субъектілер пайда болған, нарық үлесі жоғары, оның ішінде медицина, білім беру, құжат айналымы саласындағы цифрлық тауар нарықтарына талдау жүргізу және талдауды ескере

отырып, монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тергеп-тексеру жүргізу ұсынылсын **(24-тармақ); (таяудағы отырыс)**

- Қызметін цифрлық нарықтарда жүзеге асыратын квазимемлекеттік компаниялардың қызметін монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан талдасын **(25-тармақ); (таяудағы отырыс)**

- Егер сатып алу нысанасы тауарды жеткізу немесе лицензияны ұзарту болып табылмаса, авторландырылған хаттардың талаптарына заң/заңға тәуелді актілер деңгейінде тыйым салынсын **(26-тармақ);**

- Монополияға қарсы заңнаманы бұзу белгілерінің болуы тұрғысынан мемлекеттік сатып алу қағидаларының талдасын, сондай-ақ Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің тиісті тексеру және бақылау іс-шараларын, оның ішінде ұлттық инфрақұрылымды жаңғырту жобасы шеңберінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңында реттеуден алып тасталған мемлекеттік органдардың сатып алуды жүзеге асыруына бастамашылық жасасын **(27-тармақ); (2-жартыжылдық)**

- «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ҚазжолҒЗИ» АҚ және құрылыс қызметі саласындағы өзге де ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты монополияға қарсы заңнаманы, оның ішінде «сары парақтар қағидаларын» сақтау тұрғысынан мониторинг жүргізісін **(30-тармақ);**

- Тұтынушылық кредиттеу тауар нарығына талдау жүргізісін *(монополиялық жоғары баға тұрғысынан сыйақы мөлшерлемелерін талдау және жеткілікті негіздер болған жағдайда, басым ойыншыларға қатысты тергеп-тексеру жүргізу, олардың арасындағы сөз байласу тұрғысынан тексеру; банктер арасында комиссиялар белгілеудің негізділігін талдау және монополиялық жоғары баға тұрғысынан тексеру)* **(31-тармақ);**

- Бұрынғы кезеңдерде көрсетілген банктерге мемлекеттік көмекті монополияға қарсы заңнаманы бұзу тұрғысынан тексерсін *(олардың нарықтық шарттарда қанша берілгенін және олар бойынша сыйақы мемлекеттік көмек берілген кездегі нарықтық шарттарға қаншалықты сәйкес келгенін тексеру)* **(32-тармақ); (1-жартыжылдықтың соңына дейін)**

- Жер қойнауын пайдалану саласындағы ИИДМБ жобаларына қатысты Бас прокуратураның соңғы тексеруінің нәтижелері туралы толық сипаттаманы немесе тікелей құжатты сұратсын және ұсынылған статистикалық деректердің орнына бәсекелестікке ықпал ету тұрғысынан қабылданған нәтижелер мен шараларды талдасын, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелеріне осы тексерудің қорытындыларын ұсыну мүмкіндігін қарасын *(қандай шаралар қабылданды және т.б.)* **(35-тармақ); (таяудағы отырыс)**

- Қоғамдық кеңестің кейінгі отырыстарында бәсекелестікті дамыту және мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері тұрғысынан кәсіпкерлік саласындағы реттеу мен мемлекеттік бақылау практикасының біркелкілігі мақсатында шектеулі ресурстарға қол жеткізу туралы мәліметтердің жариялылығының маңыздылығы мәселесін қарасын **(36-тармақ);**

- ӨҚБТК-ге заң бойынша ашық қолжетімділікте орналастырылуы тиіс ақпаратты орналастырмағаны үшін жауапкершілікті белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізуге бастамашылық жасасын *(не тиісті мемлекеттік органға қайта жіберсін)* **(39-тармақ);**

- Реформалар жөніндегі Жоғары Кеңес бекіткен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 қыркүйектегі № 654 қаулысымен бекітілген квазимемлекеттік сектор реформасына сәйкес бәсекелестікті дамыту мақсаттары үшін кеңейтілген жедел басқарумен, ведомстволық бағынысты қосалқы квазимемлекеттік ұйымдарды («QAZTRADE «МДМ» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ сияқты және т.б.) корпоративтік нысандарда декорпорациялау және оларды мемлекеттік мекемелер нысанына қайтару мәселесін қарасын **(41-тармақ);**

- Салық жеңілдіктеріне, банктерге мемлекеттік көмектің қорытындыларына, ірі нарық субъектілеріне субсидияларға баса назар аударып, мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізсін **(42-тармақ); (2-жартыжылдық)**

- Нарық субъектілеріне жанама әдістермен, оның ішінде темекі өндірісінің өнімдеріне ең төменгі бағаларды белгілеу арқылы мемлекеттік көмек көрсету мәселелерін қарасын **(43-тармақ); (2-жартыжылдық)**

- Агенттік монополияға қарсы реттеудің қолжетімді әдістерімен «пациентке ақша» қағидатын толыққанды енгізу үшін шаралар қабылдасын және бәсекелестікке теріс әсері бар емханаларға бекіту институтын қайта қарасын **(44-тармақ); (3-жартыжылдық)**

- Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офистің (әр облыста 5 емхана) ұсынымдарын іске асыру кезінде сенімгерлік басқаруға беру шеңберінде еңбек ұжымына *(олигополиялардың пайда болуының алдын алу мақсатында)* басым құқық берілуі үшін шаралар көзделсін **(45-тармақ); (ҰЖК жұмыс шеңберінде)**

- Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру барысы мәселелері енгізілсін **(47-тармақ);**

- Квоталау кестесіне (мұнай, ТМК) енгізілетін деректер жарияланымдарының ашықтығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізсін **(48-тармақ); (2-жартыжылдық)**

- Жекешелендіру туралы жаңа заң әзірлеуге бастамашылық жасасын *(сауда-саттыққа шығарылатын объектілерге кеңінен жарнама жүргізу, жарияланған күннен бастап сауда-саттық күніне дейін ұзақ мерзім белгілеу, баға аукционын өткізуді немесе жекешелендірудің негізгі тәсілдері ретінде акцияларды қор нарығына орналастыруды бекіту міндетін енгізу)* **(49-тармақ); (51-тармақпен біріктіру)**

- Жекешелендірілген объектілер бойынша міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу жүйесін, міндеттемелер орындалмаған

жағдайда (оның ішінде жекелеген заң шеңберінде) оларды қайта жекешелендіру жөніндегі шешімдерді қабылдаудың нақты алгоритмін, әдіснамасын және қағидаттарын көздейтін нормативтік құқықтық (институционалдық) базаны әзірлеуді қамтамасыз етсін **(51-тармақ)**;

- көрсетілген кодекс қабылданғанға дейін құрылған ұйымдар бойынша жекешелендіру жүргізуге кедергі келтіретін Кәсіпкерлік кодекстің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын алып тастауды қамтамасыз етсін **(52-тармақ); (9-тармақпен біріктіру)**

- Мемлекеттік сектор компаниялары мен операторлардың функцияларын оны Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның талқылауына шығару арқылы оларды кейіннен бәсекелес ортаға берудің орындылығы тұрғысынан талдасын **(53-тармақ)**.

2. Агенттік Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасына ұсыныстарды қарау

2.1. Пікір алмасуды ескере отырып, барлық ұсынылған мәселелерді 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасына енгізу туралы шешім қабылданды.

Төраға



А. Бикебаев